

"Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 24 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2024 жылғы 5 қыркүйектегі № 672 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 5 қыркүйекте № 35037 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 24 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13134 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-1-бабының 9) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларында:

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. PhD докторантураға "магистр" дәрежесі (педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасын менгергені туралы куәлік болған кезде бейінді магистратураның түлектері), бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға - магистратура немесе бейінді магистратураға теңестірілген жоғары арнаулы білімі базасында, құқық қорғау органдарында кемінде 1 (бір) жыл практикалық жұмыс өтілі немесе ғылыми-педагогикалық өтілі бар ішкі істер органдарының қызметкерлері және әскери қызметшілері қабылданады".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бүйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы бүйрықтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрлігі*

E. Саденов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК